

«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Иманмолдаева Бақыттыжамал Заманханқызының «Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді. 6D020100 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс зерттеу тақырыбы өзекті және автор диссертациялық жұмыста ұрпақтар сабақтастығының ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы басты факторлардың бірі екендігі әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талданып, негізделген және оның нәтижелері отандық ғылымның өркендеуіне елеулі үлес қосады деген ойдамын. Өйткені, зерттеуде ғылыми-теориялық мәселелер қарастырылуымен қатар, адамзат болмысының барлық уақытында маңызды болып табылатын ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізгі факторы ретінде ұрпақтар сабақтастығы феноменін әлеуметтік-философиялық тұрғыда кешенді түрде зерттейді. Диссертациялық жұмыс тақырыбының зерттеу аясының ауқымдылығына қарамастан, автор мәселенің мәнін ашып, теориялық және практикалық сипаттарда көрсете білген, сонымен қатар ғылыми зерттеу барысында қазіргі заманға қажетті маңызды қырларын

		ашып көрсететін дәлелді тұжырымдар мен қорытындылар жасаған. Сондықтан рецензиялауға ұсынылған диссертациялық ғылыми жұмыстың маңыздылығына сараптамалық оң баға берілді.
3.	Өзі жазу принципі	Жұмыстың мәтініне талдамалау жасау нәтижесінде автордың өзі жазу деңгейі жоғары деп бағаланды. Себебі, автор ойларын мазмұнды тұжырымдап, әдебиеттерді кеңінен қамтыған, берілген сілтемелерін барынша керекті жерінде ұтымды пайдаланады. Сонымен қатар, зерттеудің баяндаудағы жазу стилі ғылыми-логикалық, дәлелді, дәйекті сипатта екені байқалды. Автордың ғылыми зерттеу стилі қалыптасқан, ғылыми мәселені жоғары деңгейде талдап, зерттеу әдіснамасын оңтайлы қолданып және дербес пікір тұжырымдай біледі. Ойлары оқырманға түсінікті және қисынды деген пікірдемін.
4.	Ішкі бірлік принципі	Диссертацияның өзектілігі негізделген. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер өзіндік бірегейленудің жаңа «үлгілерін» жаппай іздестіру мен игеруге түрткі болды. Сонымен қатар, әлемдік дамудың басты бағытына айналған жаһандану үдерісі де бірегейленудің халықтың мәдени, тарихи өзіндік ерекшелігін сақтауға мүмкіндік беретін түріне мән беруді, оны орнықтыруға, сақтауға ықпал ететін факторларды айқындауды өзекті етті. Диссертацияда мемлекетіміздің ұлттық ұстанымдарына орай мәдени мұрамыздың дамуы, зияткер ұлт болып қалыптасуымыздың ұтымды тұстары, рухани жаңғырудың жолдарын айқындау, тіліміздің мәртебесін көтеру сияқты өзекті бастамалардың арқауында осы ұрпақтар сабақтастығының, ұлттық дәстүрлеріміздің негізінде әлемдік өркениеттің жетістіктерін игеруге әрі арттыруға деген бәсекеге лайықты болу тұғырнамаларының жатқаны негізделеді. Осының бәрі зерттеу жұмысының өзектілігін айғақтайды. Еліміздегі ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен оны дамыту мемлекетіміздің бүкіл саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани алға басуының өзегін құрайтыны анық, ал оны іске асырудағы ұрпақтар сабақтастығының мән-маңызын терең үніле зерттеу өзекті мәселелер қатарына жататыны сөзсіз деуге толық негіз бар.
		Диссертация мазмұны мен құрылымы негізінен диссертация тақырыбын толығымен, жан-жақты айқындайды. Зерттеудің құрылымы ішкі мақсат пен логикаға негізделген. Бірінші тарауда ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлік концепттерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері дәйектеледі. Екінші тарауда ұрпақтар сабақтастығының ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамытудағы мазмұны мен мәні кешенді түрде әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талданады. Қазіргі замандағы еліміздегі ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы арқылы қалыптасуының тетіктері

		зерделенеді. Үшінші тарауда ұрпақтар сабақтастығы негізіндегі Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің сақталуы мен дамуының заманауи әлеуметтік-құндылықтық бағдарлары талданады. Ұлттық ақпараттық қауіпсіздік аясында ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізгі мәселелері, мультикультурализмнің рөлі мен қазіргі заман құндылықтары қарастырылады.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның тақырыбына жұмыстың құрылымындағы мақсат пен міндеттер, олардың диссертация мәтінде баяндалуына толық сәйкес және ұтымды пайдаланылған. Қазіргі кезеңдегі ұрпақтар сабақтастығының ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы факторлардың бірі екендігін ғылыми-теориялық тұрғыдан ашып көрсетілген. Ұрпақтар сабақтастығын логикалық негізде талдап, оның әлеуметтік-мәдени негіздерін ашып, «ұрпақ» және «сабақтастық» ұғымдарының өзара байланысы көрсетілген. Ұрпақтар сабақтастығының табиғи-биологиялық, тарихи-әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық факторларын жіктеп, оның философиялық интерпретациясы құрастырылған. Ұлттық бірегейлік ұғымы жан-жақты талданып, оның мәні маңызы философиялық рефлексиядан өткізіліп, дәйекті логикалық анықтамасы берілген. Ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ұрпақтар сабақтастығы категориясының мәні мен маңызы әлеуметтік-философиялық тұрғыдан негізделген. Осы талаптардың орындалуы аталған жұмысты онды бағалауымызға негіз болды. Дегенмен, автордың тақырып бойынша болашақта терең және жан-жақты зерттеулерінің ауқымын кеңейте түсу керектігін айта кеткім келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның құрылымындағы барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда жүйелі байланысқан. Барлық бөлімдер өзара сабақтастықпен байланысып, жалпы жұмыстың құрылымындағы жүйелілік пен мазмұндылықты қамтамасыз еткен. Тақырыптың толықтай ғылыми талаптарға сай ашылуына мүмкіндік берген. Ғылыми жұмыстың «ұрпақтар сабақтастығы» және «ұлттық бірегейлік» ұғымдарын біріктіре зерттеудің логикалық, әлеуметтік-философиялық тұрғыдан қарастырылып, ұлттық бірегейлік мәселесінің жаңа бір қыры нақтылы зерттеу пәніне айналуы, оны сақтау мен дамытудың басты бір тетігі осында жағандығының дәлелді негізделделуі осының айғағы. Ұлт болмысының тарихи тамырлары мен әлеуметтік негіздерін, өткен мен бүгіннің байланысын ұрпақтар сабақтастығы арқылы саралап, қазақы дүниетанымға сай ұғымдар мен түсініктердің мағынасы ашылған, мәтінде келтірілген талдау жұмыстары нақтылы тақырыпты сипаттайтын маңызды мақсатқа жұмылған. Сондықтан еңбектің ішкі біртұтастығы мен сабақтастығы сақталғанын ескере отырып, оның жалпы құрылымдық сипатына оң баға береміз.

	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор әдет-ғұрып пен салт дәстүрді ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты тетіктерінің бірі ретінде тарихи-әлеуметтік түрге жатқызады және олардың ұрпақтар сабақтастығы арқылы тасымалдануы, берілуі, қазіргі заманмен үндесу үдерісі сарапталады. Сондай-ақ, ұлттық бірегейленудің «ең маңызды негізі, басты сақтау тетігі» ретінде тілдің орны мен рөліне, қазақ тілінің қазіргі жағдайына мән беріледі. Тәуелсіздік кезеңінде күрделі мәселені жан-жақты айқындауға мүмкіндіктер ашылғандықтан, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі ұлттық бірегейліктің ерекшеліктері жаңа қырынан танылған. Сонымен қатар зерттеуде сыни талдау жүргізу үшін нақты тарихилық қағидатына сүйенген. Қазіргі жаһандану, ақпараттану кезеңінде ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаудың бағыттары әлеуметтік-философиялық тұрғыдан зерделенген. Автордың тұжырымдарымен және басты бағыттарымен келісе отырып, зерттеуде автор тарапынан «сыни талдау бар» деген баға берілді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары «толығымен жаңа» деп бағаланды. Ұлттық бірегейлік ұғымын жан-жақты талдап, оның мән-маңызына үңіліп, философиялық рефлекциядан өткізу, дәйекті логикалық анықтамасын негіздеу, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ұрпақтар сабақтастығы категориясының мәні мен маңызын әлеуметтік-философиялық тұрғыдан ашып беру міндетіне сай айтқан тұжырымдарынан автор ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың жаңа қырларын жақсы таба білгенін көреміз. Қазіргі ұлттық бірегейлігімізді нығайтып жатқан кезеңде жаңа ұрпақты ғылымның, технологияның және экономиканың дамуымен байланысын ескере отырып, мәдени-тарихи мұраны бағалауға және сақтауға үйретудің әдіснамасы мен маңызын жақсы көрсете білген. Қазіргі постмодернизм мен мультикультурализмнің ұлттық бірегейлікті сақтауға қатысты қырларын сыни зерделеу маңызды мәселелердің бірі. Бұл еліміз ұстанып отырған ұлттық идея аясындағы тұғырнамаларға, этностың тарихи және әлеуметтік болмысының бірегейлігін сақтауда маңызды стратегиялық бағдарларға сай келеді және оның философиялық саралаудан туындайтын негіздемелері бар. Рухани жаңғыру үдерісінде өркениеттің осындай жаңа ыргактарын қазақы дүниетаным негізінде қорытып, әлемдік мәдениет пен өркениеттің даму үдерісімен әрдайым үйлесімді қарым-қатынасты дамытуға бағытталуы тиісті деген қорытындыға келген.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары «толығымен жаңа» деген ойдамыз. Мәселен, «Әділетті Қазақстан» құру және «Ел бірлігі» идеясының аясындағы ұлттық бірегейлікті одан әрі нығайта түсудің перспективалары ашылып, теориялық тұрғыдан өткен мен бүгіннің, бүгін мен болашақтың

	табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	сабақтастығы арқылы ғылыми болжамдар жасалды. Жастарды тәрбиелеу, оқыту, адами капиталды баптау, өз елімізде талант иелерін өсіруге, ұлтшыл, отаншыл жастарымыздың қалыптасуына барлық жағдайларды жасауға көңіл бөлу, олардың «ел азаматы» ретінде өздерін емін-еркін сезініп, әлемдік өркениеттің дамуына айтарлықтай өз үлесін қосуға мүмкіндіктер туғызу отандық бірегейлік саясатының басты міндеті ретінде зерттеуші тарапынан қарастырылуы жұмыстың маңызды жетістігі деп бағалаймыз. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар азаматтар арасында өз еліне отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға бағытталуына назар аударған. Автордың ұлттық жобалар мен бастамаларды қолдаудың маңызына ден қоюы мен жолдарын көрсетіп, қорытындылауы маңызды. Мемлекетімізді заманауи өркениеттік талаптарға сай дамуында зерттеу жұмысында зерделенген мәселелердің маңыздылығын ескеріп, автордың осы бағытта тандалған тақырыпты тереңдетіп, болашақта зерттеулерін әрі қарай жалғастыратынын орында болар деген ойдамыз. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері тұрғысынан гуманитарлық сала өнімдерін нақты бағалау қиындау, дегенмен диссертация мәтінінде келтірілген барлық тұжырымдардың практикалық маңызы бар екенін айта аламыз және олар толық мәтінде өзінше негізделген. Қазіргі ақпараттық технологиялар басымдылық танытып отырған жаһандану әлемінде тәрбие міндеттері күрделене түсті. Жаһанданудың ықпалымен және ақпараттық технологиялардың дамуымен мәдениеттер мен ұлттар арасындағы шекаралар бұлыңғыр бола бастады. Ұлттық құндылықтар, білім беру жүйесі, медиа және мемлекеттік саясат, сапалы білім беру арқылы жаңа ұрпақ толеранттылық, әділеттілік, әлеуметтік жауапкершілік сияқты гуманистік құндылықтарды сіңіруге болады деген қорытындылар бар. Жұмыстың жалпы ғылыми нәтижелері біршама қомақты және осыған орай олардың топтамасы рецензент тарапынан «толығымен жаңа» деген бағалауға ие болып отыр.
6.	Негізгі қорытындыларды қорытындылардың негізділігі және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша	Диссертация мәтінінің мазмұны тақырыпқа барынша сәйкестендірілген екен және ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге сүйенілген және дәйектелген. Ұрпақтар сабақтастығының ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы басты факторлардың бірі екендігі әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талданып, ұлттық бірегейлік мәселесінің жаһандану жағдайындағы болашағы негізделген. Автор болашақта әлеуметтік саланың күрделі мәселелерін өзінің шығармашылық практикасында сыни зерттеу нысанына айналдырады деген ойдамыз.
7.	Қорғауға шығарылған	7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидағар дәлелденген және ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор философия мамандығымен қатар

негізгі қағидаттар	7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	жалпы гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдерді және жаңа ғылыми жетістіктерді пәнаралық байланыс деңгейінде жұмыста қолдана білген. Әрбір қағидат «дәлелденді» деген қорытынды жасалды. 7.2 Жұмыс қағидаттары тривиалды, яғни үстірт түрде емес. Сондықтан, бұл жерде «жок» деген баға беріледі. Автор әрбір нәтижені тиянақтап, теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізіп ұсынғаны байқалды. Сонымен қатар, автор теориялық зерделеумен бірге әлеуметтік практикаға шығудың жолын іздейді, көбінесе әлеуметтік процестермен зерттеу мәселесін байналыстырады. 7.3 Негізгі қағидаттардың барлығына «жаңа» деген баға берілді. Жалпы жұмыстың жанашыл қағидаттарының жалпы жүйелеп ұсынылған саны жетеу екені байқалды. Бірінші қағидат - сабақтастық ұғымы әлеуметтік-философиялық феномен ретінде бағаланып, оның семантикалық астарлары ашып көрсетілген. Сабақтастық туралы айтылған тұжырымдамалық пайымдаулар жаңаша қорытылып, оның нақтылы логикалық анықтамасы ұсынылған; екінші қағидат - ұрпақтар сабақтастығы ұғымы жан-жақты талданып, оның шығармашылық әлеуеті мол жаңа ұрпақтармен алмасуының жаңаша түсініктемесі берілген; үшінші қағидат - бірегейлік ұғымының терең философиялық мағынасына категориялық талдау жасалып, оның қайшылыққа толы мазмұны ашылып, адамзат даму тарихындағы және қазіргі кезеңдегі нақты көріністері айқындалған; төртінші қағидат - ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлік түсініктерінің тарихи-әлеуметтік бастауларын талдай отырып, ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы арқылы қалыптасуының түрлі факторлары мен жолдары негізделген; бесінші қағидат - жаһандану заманындағы ақпараттық қауіпсіздік аясындағы «Америка гегемониясы», орыстардың отарлаушылық саясатының сарқыншақтары, «арабтандыру» мен исламдандырудың ара жігі, вестернизация, жаһандану және т.б. үдерістерге байланысты ұлттық бірегейлікті сақтаудың нақты тетіктері көрсетілген; алтыншы қағидат - мультикультурализм жағдайындағы ұлттық бірегейлікті сақтаудың технологиясы ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделенген; жетінші қағидат - «Ел бірлігі» идеясы мен «Жаңа Қазақстан» стратегиясындағы ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы жетілдіре түсудің перспективасы қазіргі отандық бірегейлік саясатының басты бағыты ретінде ұсынылды. Жоғарыдағы негіздерге байланысты осы бапқа «Иә» деген баға берілді. 7.4 Қағидаттардың қазіргі ғылым мен білімнің дамуында, әлеуметтік ортада
--------------------	---	---

		қолдану бойынша «кең» деген баға берілді. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін гуманитарлық пәндердің, яғни философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет саласында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында толық пайдалануға болады. Сондықтан рецензент тарапынан бұл бап «кең» деп бағаланды. Әрине, тақырыпқа қатысты жоғары мектеп саласында арнайы әдістемелік материалдарды жинақтап беру автор үшін болашақтың ісі деген ойдамыз. 7.5 Диссертацияның негізгі қағидағары отандық және кейбір шетелдік жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, талапқа сай сынақтан өткен деген пікірдемін. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген екен. «Скопус» тізіміндегі журналдарда автордың мақаласы жарияланған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар талаптарға жауап береді. Сондықтан бұл пунктке «Иә» деген баға берілді.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ
		Автор заманауи ғылыми әдістер мен деректерді тарихи-философиялық зерттеулер барысында жақсы қолданғаны байқалды. Автор компьютерлерлік тәсілдерді жақсы игеру арқылы зерттеу нәтижелеріне қажетті мәліметтерді ұтымды түсіндірмелеу мен қорытындылауды жетістіктерге жеткен. Ғылыми нәтижелерді негізінен жақсы дәйектейді. Кейбір авторлардың нақты дәйексөздерін сыни талдаулардан өткізеді. Сондықтан бұл сала бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деген ойдамын. Диссертация жұмысында келтірілген ғылыми тұжырымдамалар, зерттеу кезеңдері жалпы классикалық философияның тарихымен, қазақ халқының рухани тарихының жалпы эволюциясымен астасып жататыны байқалды. Автор өзінің теориялық ойларын барынша практикаға жақындауға тырысады. Бұл әрекеттерге «иә» деген баға берілді.

	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Зертеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге сілтемелер жасау тұрғысынан жарияланған ғылыми әдебиеттер біршама екені анық. Автор тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық авторлардың көптеген еңбектерін қамти алғаны байқалды. Кейбір сілтемелерге нақты алғанда автор тарапынан сыни түсіндірмелер де берілген. Диссертацияда келтірілген маңызды сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәйектеуге көмектесетінін байқауға болады. Әсіресе, елімізде жарияланған көптеген еңбектер жұмыста орын алғаны байқалды.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Зертеу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпқа қатысты ғылыми әдеби шолуға негізінен жеткілікті. Автор ұрпақтар сабақтастығы, ұлттық бірегейлік, ұлт болмысы сияқты күрделі ұғымдарға қатысты ғылыми әдебиеттерді жинақтай алған. Әрине, қазақ халқына қатысты тәуелсіздік жылдары жарық көрген кейбір еңбектер басымдық етеді. Демек, әдеби шолудың ауқымында заманауи кезеңге үлкен мән берілген. Автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін әлеуметтік-философиялық еңбектерді де қамти алған деген пікірдемін.
9	Практикалық құндылық принципі 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жөк	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Әлеуметтік-философиялық, категориялық-тұжырымдамалық және функционалды талдауды қорытындылай келе, қазіргі заманғы ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлік мәселелерін түсінуге көмектесетін отандық және шетелдік философтар мен мәдениеттанушы ғалымдардың зерттеулеріндегі идеялар басшылыққа алынған. Ғылыми теорияларға, тұжырымдамаларға өзіндік ұстанымы бар, тың көзқараспен қарап, теориялық маңыздылығын сақтайды. Сондықтан теориялық маңызға қатысты бапқа сәйкес «Иә» деген баға берілді.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жөк	Диссертация мәтінінде келтірілген тәрбие мен білім берудің салыстырмалы талдаулары олардың өзара байланысы мен өзара ықпалдасуын негіздейтін практикалық маңызы зор және еліміздің тәуелсіздігін нығайтудағы ұлттық бірегейлік ұғымының басты бір маңызы ұлттық саяси идеологияны дамытып, халқымыздың сана сезімін оятып, жастарды отан сүйгіштік рухта тәрбиелеуге, ұлттық құндылықтарымызды қабылдап, әлемдік өркениеттің биігіне ұмтылдыруға ынталандыра алатын қуаттылығында екені, «Жаңа Қазақстан» стратегиясына сәйкес келетіндігі негізделді. Сондықтан осы мағынада бұл бапқа «Иә» деген жауап берілді.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып	Диссертация мәтінінде тұжырымдалған практикалық ұсыныстарды «толығымен жаңа» деуге болады. Автор теориялық тұрғыда негізделген ойларды дәлелдей келіп, жалпы қоғамдық институттар және білім беру мекемелерінің қоғамды ізгілендіру жұмысы мен жастарды тәрбиелеу

	табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	бойынша практикалық іс-қимылдарының үйлесімділігі мен қолданбалы болуының жаңаша қырларын көрсеткен. Автордың практикалық ұсыныстары еліміздегі қоғамдық әлеуметтік және саяси қатынастарды үйлесімдендіруге, жаңа әділетті қоғам қағидаттарын нығайта түсуге өзінің игі ықпалын тигізеді деген пікірдемін.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Диссертация мәтініндегі академиялық жазу сапасы «жоғары деңгейде» деп баға берілді. Себебі, автор негізінен ғылыми ортада кең таралған, теориялық және әдіснамалық тұрғыда негізделген тарихи-философиялық, әлеуметтік философиялық талдаулар тәсілдерін, принциптерін оңтайлы қолданады. Жұмыста философиялық пайымдаулар танымдық, дидактикалық сараптаулармен қисынды ұштастырылғаны байқалды. Сондықтан диссертациялық еңбектің теориялық деңгейіне сәйкес академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми-теориялық сипаты басым екендігі анық.

1) «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған **Иманмолдаева Бақыттыжамал Заманханқызының «Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.**

Ресми рецензент:

PhD доктор,

КеАҚ «Торайғыров университеті» «Философия және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының қауымдастығырылған профессоры (доцент)

(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

Аубакирова Салтанат Советовна

(аты-жөні)

